

Мұқадес Есламғалиұлы

САН ҚИЛЫ САУАЛ

(Ойтолғақ)

**Алматы
«Ана тілі»
1995**

ББК 635+63.3(2 Қаз)
Е 83

Есламғалиұлы М.
Е 83 . Сан қилы сауал. Ойтолғақ. — Алматы: — Ана тілі, 1995. — бет

ISBN 5-630-00421-2

Бұл кітапта көне салт-дәстүрімізге байланысты көп ой бар. Мәселен, ертеде «елбасы», «батыр» деп кімдерді айтқан? Билер салтын білеміз бе? «Аманат», «бодан» сөздерінің төркініне бойлап көрейікші. Немесе баяғы өткен заманда бабаларымыз мәйітті қалай сақтаған екен? Ән сазының адам ағзасына әсері қандай?

Міне, жазушы осындай сан қилы сауал төңірегінде толымды сыр толғайды. Сондай-ақ, атақты Әбілқайыр ханның қазақ тарихындағы орны туралы ойлар да оқырман қауымды қызықтырары сөзсіз.

ISBN 5-630-00421-2

ББК 63.5

Е 0503020905—044
415(05)—95 39—1995

БИ ТУРАЛЫ БІЛЕ МЕ БҮГІНГІ ҰРПАҚ

«Хан дегеніміз — халықтың қанын сорушы, би дегеніміз — хан мен байлардың сойылын соғушы, батыр дегеніміз — бар болғаны барымташы, олар өмір сүрген кезде қазақта тарих болған жоқ, сенің тарихың Ұлы Октябрь төңкерісі жеңгеннен кейін басталды...»

Қағаз-қалам салған шүберек дорбамызды сүйретіп, мектеп есігін ашқан алғашқы күндерден-ақ сол бір өткен дәуірді осылай деп құлағымызға құйып, санамызға сіңіріп бағып еді-ау!..

Жоғалғанымызды түгендеп, жыртығымызды бүтіндеп, барымызды баптап, көгімізге көтерер мүмкіндікке Егемен ел атанып, енді қол жеткен шақта «Қасым салған қасқа жолмен» қара қылды қақ жарып, хан, би, батырларымыздың кім болғанын, олардың қоғамдағы, тарихтағы атқарған, тындырған істері мен алар орны туралы әділет көзімен бүгінгі жас ұрпаққа ұғындырып бағу — әр азамат қаламгердің киелі парызы.

Бүгінгі әңгімеміздің негізгі өзегі біздің дәуірімізге дейінгі көне шежірелердегі қазақ сөзімен бірге жиі-жиі ұшырасатын би туралы болмақшы. Сонымен, би дегеніміз кім? Оның қоғамдағы, тарихтағы, күнделікті өмірдегі орны, рөлі қандай? Бұл сауалға жауап берер алдында сәл тарихи шегініс жасалық.

Жазу-сызу өнері ерте дамыған халықтардың кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған киелі мұраларының бірі — энциклопедия. Алғашқы энциклопедия біздің дәуірімізге дейінгі X ғасырда Қытайда, кейінірек Грек, Египет (Мысыр) елдерінде, Рим империясында жазылды. Ондай кітаптар сол елдердің кейінгі ұрпағы үшін тарихнама, көне шежіренама хақында айрықша маңыз атқарып, өмір, ғылым, қоғам, дүниетаным, салт-дәстүр, әдет-ғұрып секілді сан салалы мағлұматтарды нақты, ауқымды баяндап отырды.

Қазақ топырағында 1972—78 жылдары аралығында жарық көрген Қазақ Совет энциклопедиясының он екі томдығы совет өкіметінің дәуірлеп, Коммунистік партияның «ақ дегені — ақ, қара дегені — қара» боп, ауыз-

дан қағып, аяқты кісендеп, жеке-дара үстемдік етіп тұрған шағында дүниеге келген-ді. Бұл, аты айғақтап тұрғандай, «Қазақ Совет энциклопедиясы» болғанмен, бүгінгі көзбен қарағанда, олқы тұстарының көптігіне ешкімнің күмәні бола қоймас. Бір ғана мысал, өзіміз сөз қылып отырған би жөніндегі берілген анықтамаға көз жүгіртелік.

«Би — әлеуметтік категория ретінде қазақ халқының тарихында ерте заманда шыққан үстем тап өкілі... Әлеуметтік қатынастардың дамып, шиеленісуімен бірге, билердің көпшілігі қанаушы таптардың уәкіліне айналды... Билердің әдет-заң нормаларын талқылауда, бұл биліктердің орындалу әдістерін белгілеуде кең праволары болды. Өкілдіктің мұндай өктем болуынан зорлық-зомбылық туып отырды... Билер соты Октябрь революциясына дейін қылмыстық және азаматтық істердің көпшілігін қарайтын ресми орган болып, құн, барымта, қалың мал, әменгерлік, көп әйел алу, т. б. патриархтық кертартпа қалдықтарды қорғап келді» (Қазақ Совет энциклопедиясы. 2-том, 322—323).

Міне, советтік дәуірде би дегенге бұдан артық баға беру мүмкін емес-ті. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ би туралы көркем шығармаларында баяндалған оқиғаларға байланысты заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтен бастап, көптеген қаламгерлеріміз қуғын-сүргінге ұшырағаны баршаға мәлім. Бұдан би дегенге тек советтік дәуірде ғана қысым жасалған екен деген пікір тұмауға тиіс. Бидің қоғамдағы алатын орнының айрықша екенін Ресей империясы өзінің Қазақстанды отарлау саясатының алғашқы жылдарында-ақ байқап, қайткенде де олардың рөлін төмендетуге жанталасып бақты. Өйткені өздерінің жаратылыстанушы, суретші, халық мұрасын жинаушы, саудагер, тілмаш деген секілді желеумен қазақ даласына жіберген жансыздары, тыңшылары арқылы хан, сұлтан, би, батырлардың қазақ жұртын басқару саясатын барынша терең зерттеп үлгерді. Сөйтіп, ел басқаруда билердің орны ханнан кем еместігін, тіпті, ханның өзін Билер кеңесі сайлайтынын біліп алды. Ал қарауындағы бодан елдің күшті хандықтардан тұруы, ондағы билердің кей жағдайда хандардан да беделі күшті болуы Ресей империясының отарлау саясатын ойдағыдай жүзеге асыруына айрықша кедергі еді. Сондықтан да, 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы уставын» қабылдап, қазақ жерінде хандықты жойылды деп хабарлады. Алайда «қазақ халқын ыдыратып басқару» саясаты мұнымен шектелмеді.

Өйткені кезінде, кей жағдайда ханның өзін алдына телмендетіп қоятын билер, Билер кеңесі сақталып қалғанды. Енді Ресей әкімшілігі билердің басшылық рөліне біржолата балта шабуды көздеп, 1868 жылы қабылдаған «Жаңа устав» бойынша қазақ жұртында сұлтандық пен билік басқарудың бұрынғы жүйесін жойды.

Енді, «бөліп-бөліп ал да, басқара бер» деген саясатпен, қазақ даласы ұсақ болыстықтарға бағынышты болды. Осындай ұсақ болыстар мен бұрын көсемдігімен, шешендігімен танылғандар ғана өздігімен би атанатындарды енді халық сайлап, Ресей патшасының ерекше құқты өкілдері бекітетін болды. Бұл ғасырлар бойы халыққа қызмет етіп, тарихтың, қоғамның қалыптасуында айрықша рөл атқарып келген билерді, олардың бойындағы сан алуан тума қасиеттерді біржолата жою мақсатынан туған құйтырқы саясат еді. Олай дейтініміз, енді болыстыққа, би, қазылыққа өзінің дара қасиеттерімен би атанғандар емес, қара басының құлқынын ойлайтын, Ресей патшасы өкілдерінің айтқанын істеп, айдағанымен жүретін дарынсыз, можантомпай мансапқорлар сайланды. Бұл жөнінде дана Абай өзінің «Үшінші сөзінде» әрбір старшина басы бір би сайлау саясатын сынап келіп, былай дейді. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым салған қасқа жолын, Есім салған ескі жолын», өз Тәуке ханның Құлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, онда орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.»

Ұлы ақынның: «Бас-басына би болған өншен қықым»,— деп қынжылатыны да осы кездің көрінісіне айқын куә.

Ал Шығыс жұлдыздарының бірі саналатын Ш. Уәлиханов «Билер сотының ертеден келе жатқан халықтық түрі» деген мақаласында: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен не болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл

қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған...»

Тап осындай пікірлерді қазақ сахарасын көп кезіп, ауыз әдебиетіміз, музыкамыз, әдет-ғұрып, салт-санамыз туралы біршама бағалы еңбектер жазған А. Диваев, А. Васиельев, В. Радловтың шығармаларынан да жиі ұшыратамыз. Басқаны былай қойғанда, жат жұрттың өкілдерінің өзі: «Би — үстем таптың өкілі, ол тек қана хан-сұлтандардың, бай-манаптардың сойылын соғып, халықты қанаушы»,— деп бір де бірі жазбапты. Ал төбе биіміз Төленің артында қалған мына бір өсиетіндей сөзіне көз салалықшы:

*Теңізге құйса дария —
Суының мол болғаны.
Ел билеген ер жігіт,
Сыйласа халқы құрметтеп,—
Басына бақыт қонғаны.
Қолыңда болса бар билік,
Қараға залым болмаңыз.
Алдыға келсе бітпес дау
Әділін айтып, қорғаңыз.*

Би бабаның бұл сөзіне де тоқтағымыз келмесе, арғы-бергі көне, ауызша тараған немесе жинақталып, қағазға түскен шежірелерімізге зер салсақ, бидің тек байлардың арасынан емес, жоқ-жітікті кедейлер арасынан да талай саңлақтар шығып, «ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген» нағыз дуалы ауыздар болғанын көреміз.

Ал, жоғарыда айтқанымыздай, Ресей отаршыларының бұрынғы жүйені жойып, старшина бас сайын ешқандай көсемдік те, шешіндік те еш қасиеті жоқ, пара берген бай адамдарды би етіп сайлауы «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» дегеннің кебі еді. Яғни, кемеңгер отыратын жерде кемпарықты отырғызып, тұтас бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару дәстүрінің бірін түгелдей жойып, елді бытыранқы жағдайға ұстау еді.

«Құрғақ қасық ауыз жыртады» демекші, билердің кедейлер арасынан да аз ұшыраспағанын және аталы сөз айтар кісінің уәжіне, үлкен демей, кіші демей, бай екен не жарлы екен демей, қол қусырып, бас игенін дәлелдейтін көп мысалдың бір-екеуіне жүгіне кетелік.

Нұралы ханның баласы, аға сұлтан, Қаратай (кейініректе хан болған) Атақозы бидің арықтығын кекетіп:

— Әй, Атақозы, сөйлеп кетсең, алдыға қара салмайтын, ішкен-жегенің бойыңа қонбайтын осы сен неғылған адамсың?— депті бірде.

Атақозы төкпектетіп ала жөнеліпті:

*Өлеңді жерде өгіз семіреді,
Өлімді жерде молда семіреді.
Қаралы үйде қатын семіреді,
Қамсыз елде хан семіреді.
Қайтсем топтан торай шалдырмаймын деп,
Қазақтың бір тайын дұшпанға алдырмаймын деп,
Бір түнде тоғыз оянып, тоқсан толғанамын,
Сонда мен арық болмай, кім арық болады?!—*

деген екен. Сонда Қаратайдың аузына құм құйылғандай үнсіз қалып, оның қасындағы серіктес биінің бірі: «Өз жөнiмiзге де өлмей, үйдегі қатын-балаға да кесiрiмiз тидi-ау!»— деп санын бiр соғыпты да, жүре берiптi.

Мiне, бұл арада хан баласы, аға сұлтанның өзi жүйелi сөзге қарсы дау айтпауы, ақсүйек мырзаның серiгi едiм деп, орынсыз намыстанып, би де оның сойылын соқпауы — жоғарыда айтқан пiкiрiмiздi дәлелдей түспей ме?!

Тағы бiр мысал: Борбас деген бай әкесiне ас берiп, атақты Байдалы биге алдын ала хабар жiбередi. Сөйтсе, есiмi барша жұртқа белгiлi бидiң бiр мiнер аты жоқ екен. Ол байға қайыра сәлем жолдап, былай дептi:

*Дұғай сәлем Борбасқа,
Көкiрек бiрге, жан басқа.
Сұлулығы өзiндей,
Жүйрiктiгi өзiмдей
Ат жiберсiн торы қасқа.
Байдалы мiнер әр тұсқа,
Даңқы кетер жан-жаққа.*

Байдалы сәлемi жетiсiмен Борбас бай бiр жүйрiк атын жiберткен екен.

Мұндай мысалдарды бұдан әрi сөза берудiң қажетi бола қоймас. Өйткенi «бидiң тек үстем тап өкiлдерiнен шығады және тек солардың ғана мүддесiн ойлап, сөзiн сөйлеушi» еместiгiне оқушы көзi бiршама жеткен шығар деп, әңгiме арнасын негiзгi желiге бұралық.

Сонымен, би дегенiмiз — ел-жұрттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрiн, өттi-кеттi көне шежiресiн, тарихын, қоғамдық даму барысын, айнала қоршаған табиғаттын, жан-жануарлардың сан алуан қасиеттерiн, құпияларын жетiк бiлетiн, бүгiнгiге баға берiп, болашаққа болжам жасап, адамдардың көкiрек көмбелерiне ой көзiмен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мiнез-құлықтарды айтқызбай-ақ тап басатын, ғылым-бiлiмнен хабардар, ке-

мел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар, біртума жандар.

Біз бұл тұжырымымызбен «би атаулының бәрі бірдей шетінен кемеңгер көсем болған екен» деген ұшқары пікірді тықпалаудан аулақпыз. Өзінің азды-көпті көрген-түйгенімен, бір қағар шешен тілімен ортаға түсіп, қара басының, құлқыныңың қамы үшін малы барлардың, хан-сұлтандардың теріс ісін көре тұра бұрыс тартып, өз руларының сойылын соғып бағуға тыштандайтын бисымақтар да ел арасында аз ұшыраспағанын айтпасам, ақиқат ауылынан іргемізді аулақ салғанымыз болар еді. Әрине, ондай бисымақтар ақыға алған аты, киген тонымен бірге тозып, халық жадынан тез ұмытылып отырған. Біз би дегенде үш арысымыз: Төле, Қазыбек, Әйтеке жеткен заңғар биіктен қарағанымыз абзал.

Бидің қандай адам болуы керектігін халық та жиі жиі жадылатып отырған:

*Би болғаннан не пайда,
Халыққа пайда болмаса?
Көлдегі оттан не пайда,
Халайық көшіп қонбаса?*

Немесе: «Елге бай құт емес, би құт!»— деуі тегін болмаса керек.

Енді сол халық даналықтарына сүйене отырып, билер бойындағы дара қасиеттерге қысқаша болса да жеке-жеке тоқталып, санамалап өтелік. Бір ескерте кететін жайт: би бойындағы қасиеттерді санамалап көрсеткенде, оқушы қауым біздің алғашқы атағандарымыз бидің басты қасиеті де, соңғылары қосалқы қасиеттері екен деп қалмағаны лазым. Бұл арада санамалау реті шартты түрде алынып отыр. Бұл қасиеттердің бәрі бірін-бірі толықтырып, төрт аяғынан тең басып тұрмаған жағдайда, аты шулы билер додасында қарсы жағы осал тұстан орып түсіп, омакастырып кете беретін болған. Сонымен:

1. БИ — КӨСЕМ. Иә, би көпті көрген, яғни «көре-көре көсем болған», көкірек көзі қиянды шалатын, ойы орамды, көнені ғана біліп қоймай, болашақты да тап басып, байламды, бағаналы болжам жасай алатын, әрдайым халық көңілінен шығатын жан болуы керек. Бір мысал, ертеде Орта Азияға жол ашуға ындыны кепкен Ресей патшалығының елшісі келіп: «Қазақтар, сіздер бізге бодан болыңыздар!»— деген ұсыныс жасайды.

Олардың жат пікіріне қарсы наразылық білдірген билер: «Осылардың өзін өлтіре салсақ қайтеді!»— десіп, аға билер Төле, Қазыбек, Әйтекелерге соңғы сөзді жүктейді.

Сонда бірі: «Алар ма еді мына көлдің қуын атып?»— дейді.

Екіншісі: «Оғың шығын болмасын суын атып»,— дейді.

Үшіншісі: «Құтылмастай пәлеге қалып жүрмейік, құс екен деп перінің қызын атып!»— дейді.

Сөз осымен бітіп, орыс елшілігі аман-есен еліне қайтарылады.

Көрегендік пе?— Көрегендік. Көсемдік пе?— Көсемдік.

Ендеше, бұл мысалды одан әрі талқылау біз үшін сөзуарлық болар еді.

2. БИ — ШЕШЕН. Би — майда сөздің мақпалы, сара сөздің санлағы. Бірде астарлап, бірде мысқылдап, бірде түйдектетіп, сүйекке жеткізіп, мақтамен бауыздап, қажет жерінде қара тасты қақ айырып түсерлік семсерден бетер от ауызды, орақ тілді, ойы ұшқыр, қиялы қыран қанат, заңғар-заңғар ойлардан қас қағымда сөз зергерлейтін, ақпа, асыл сөздің мәйегі.

Шешендік — көп халықта ертеден ұшырасатын қасиет. Тіпті, ежелгі Рим империясы мен Грек, Мысыр елдеріндегі оқу орындарында «Риторика» деп аталып, негізгі пәндердің бірі ретінде жүрген. Онда болашақ ел басшыларын, заң қызметкерлерін, қоғам қайраткерлерін, елшілерді, әдебиетшілерді, журналистерді ешқашан қағазға қарамай, шешен сөйлеуге үйреткен. Жазу-сызу дами келе, бұл өнердің соңғы кезде ұмыт қалғаны сондай, кейбір ел басшыларының өзі басқа бір елге барғанда не жат жұрт өкілін қабылдаған сәттерде екі-үш ауыз құттықтау сөздің өзін қағаздан оқуы қандай қынжыларлық көрініс?!.

Ал біздің билердің шешендік мектебі әуелі халық, сосын өздерінің тума таланты еді. Болашақта жастар арасында шешендік өнерді қайта жаңғырту мәселесі өз алдына көтеретін ұзақ әңгіме болғандықтан, бұл жолы одан әрі тоқталып жатпаймыз.

3. БИ — АҚЫН. Бірақ ешбір би өзін ақынмын деп санамаған. Жұрт та оларды ешқашан ақын деп атамаған. Соған қарағанда, билердің шешендік пен ақындықты тең ұштастырып сөйлеуін соларға ғана тән әрі төл қасиет, заңды құбылыс деп санағандығынан болуы керек.

Нұрқожа биге арғын Шоқай бидің айтқан «Арыстан-ның белгісі» деген суырыпсалма сөзін алалықшы:

*Қарызыңыз өнсе бітеді.
Шам жарығы сөнсе бітеді.
Қанша қызық дәурен сүрсең де,
Дүние қызығы бітеді.
Арыстан айға шауып мерт болса,
Артында қалған нәсілі
Айға шаппас деменіз.
Атаның салған жолына
Баласы түспес деменіз.*

Тіпті, көптеген билердің қара сөзбен айтқандарының өзі төгіліп тұрған ақ өлең емес пе!... Жетес бидің кәрілік халқындағы мына бір сөзіне тоқтала кетелікші:

«...Он жасымда асық ойнадым, қызығына тоймадым; жиырмаға келдім: онда да балалығымды қоймадым; жиырма беске жеттім: жақсы іске сүйіндім, жаман іске күйіндім, барымды бойға киіндім, сұлуларға шүйілдім; отызға келдім: алтайы қызыл түлкі болдым, қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатарқұрбының көңілін қалдырмадым; қырыққа келдім: арғымақтай аңқылдадым, тау қырандай шаңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, дариядай сарқылдадым; елуге жеттім: биік бір қара төбенің басына шықтым, алдыартымды тегіс көрдім, бірақ қай жағы алыс, қай жағы жақын екенін көре алмадым; алпысқа жеттім: алты тарау жолға кездестім, қайсысына түсерімді білмей, дағдарысқа ұшырадым; жетпіске келдім: жеңілгенімді білдім, билікті бала-шағаға бердім, айтқанына көндім, жетегіне жүрдім...»

Мұндай төкпе сөзді қай-қай бидің де аузынан мысалға ала беруге болар еді. Біз осымен шектеле тұрғанды жөн санадық.

4. БИ — ЗАҢГЕР. Биді жазба тілімізде сот деп жүрміз. Бұл дәл емес, біржақты пікір. Әдетте, даулы мәселені шешкен кезде кемі үш би болады. Бірі — айыптаушы (прокурор), екіншісі — ақтаушы (адвокат), үшіншісі — төбе би (судья). Ал сот дегеніміз — бір ғана судья, яғни үкім шығарушы дегенді білдіреді. Сондықтан биді сот деп емес, заңгер деп қараған дұрыс, әйтпесе, оның атқарар міндеті жалпыға түсінікті жағдайда би деп-ақ қалдырған жөн.

Осы арада тағы бір айта кететін жай бар. Қазақта, сондай-ақ, жалпы түркі елдерінде би деген секілді қазы деген де сөз жиі кезігеді. Ол да билік айтушы, төрелік

етуші болып саналады. Әйтсе де, би мен қазының арасы жер мен көктей. Қазы бір өзі ғана жүгінушілерге шешім шығарып, төрелік айтады. Ал оның әділдігі мен әділетсіздігі көп жағдайда тең түсіп жатуы ықтимал. Ондай жағдайда даушылар қазыдан асып, билер алдына жүгінген. Әрі жоғарыда айтқан және төменде баяндалатын тек биге тән қасиеттерді қазыдан талап ету — орынсыздық, білместік. Яғни қазы өзінің дүниетаным, көзқарасына қарай, дұрыс болсын, бұрыс болсын, төрелік айтушы ғана. Ал би — көп жағдайда талқыға салып, демократиялық жағдайда шешім шығарушы.

Биге орай тағы бір ескерте кететін жай, халық арасында «Би екеу болса — дау төртеу» деген де сөз бар. Мұны кейде билер жүрген жерде дау көп деп, сыңар-жақ ұғып қаламыз. Қате. Бұл арада даулы мәселені екі би емес, үш би, яғни тақ шешсін дегені. Демек, бірі — айыптаушы немесе құн даулаушы, екіншісі — ақтаушы немесе құн сұраушы, үшіншісі — ортақ әділ шешім айтатын төбе би болсын дегенді мензегені.

5. БИ — ЕЛШІ (дипломат), МӘМІЛЕГЕР. «Жауластырмақ — жаушыдан, елдестірмақ — елшіден», «Елшісіне қарап, елін таны» секілді тек қазаққа ғана тән емес, түркіден келе жатқан көптеген мақал-мәтелдерде қаншама терең мағына жатқанын оқушы қауым, біз ежіктемей-ақ, өздері де жете пайымдайды деп есептейміз. Мұны айтып отырған себебіміз, би тек ел ішіндегі даулы мәселені шешеді екен деп қарауымыз да — жете бағаламағандық. Әрине, жеке адамдар, ру, тайпа, ұлыс аралығындағы кикілжінді ел мен ел арасындағы даулы істермен қатар қоя алмаймыз. Сол себепті де соңғы мәселені шешу үшін жат жұртқа нағыз көсем билерді жіберіп отырған. Өйткені ондай сәтте елшілікке барған бидің мойнында тұтас бір халықтың тағдыры тұрары сөзсіз.

Біз төменде Қаз дауысты Қазыбек бабаның Жоңғар ханына елшілікке барғанда айтқан сөзінен мысал келтіретін болғандықтан, бұл мәселеге бұдан әрі тоқталып жатуды артық санадық. Тек бір ғана айтып өтетін жайт: билер жеке адамдар, рулар, ел мен ел арасында да барлық мәселені мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешіп, әрдайым бітуаластыруды мұрат тұтқанда және солай шешкенде ғана оның атақ-даңқы жайыла түскен.

6. БИ — БАТЫР. Билер арасында қол бастап, жауға шауып, талай рет дүйім елдің сүйіспеншілігіне ие болған батырлар да аз болмаған. Жәнібек, Малайсары,

Наурызбай, Райымбек, Сырым, Мұнасап секілді батыр билеріміздің тізімі көш құлаш.

Алайда бидің батырлығы қолына қару алып, жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған қаһарлы хан-сұлтан немесе, етектен кесіп жең болмайтыны секілді, елдесуден кеткен ежелгі дұшпан алдында тұр екем деп именбей, керекті жерінде алдаспаннан өткір тілмен тұрап түсетін әділет сөзін айтуында деп саналған. Бидің әділ де өткір сөзі еттен өтіп, сүйекке жеткеннің өзінде, даңғой, қанқұйлы біреу болмаса, орынды айтылған сөзге ата жаудың өзі де қарсы қылыш көтермеген.

7. БИ — САЯСАТКЕР, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ. Әлгіде мәлімдегеніміздей, би қоғамдық мәні бар мәселелердің бәріне араласып, ел мен ел арасындағы саяси жағдайларды шешуде хан-сұлтандардың негізгі тірегі — уәзір орнындағы кеңесшісі де болған. Хан қаншама қаһарлы дегеннің өзінде Билер кеңесінде көпшілік дауыспен қабылдаған шешімді жеке бұза бермеген. Әйгілі Әз Жәнібек ханның жанында ел ішінің, сыртқы саясаттың барлық мәселелерін талқылап, баға беріп, жөн-жоралғы сілтейтін алпыс биі болған деседі. Атақты Абылай ханның жанында үнемі кеңесші сегіз биі жүргені бүгінде баршаға аян. Ал иісі қазақтың басын біріктіріп, тұтас хандыққа қол жеткізген Әз Тәуке бүгінде ежелгі Гректің Солон заңымен үзеңгілес делініп жүрген «Жеті жарғыны» жазғанда, жанында ошақтың үш бұтындай тең тұрған үш арысымыз: Төле, Қазыбек, Әйтекелердің болып, солардың ақыл-кеңесіне сүйенгенін ешкім жоққа шығара қоймас.

Күлтөбе, Мәртөбе бастарында өткен талай алқалы кеңестерде ел бірлігі, ауқаты, амандығы, болашағы жайында салауатты, салиқалы ақыл қосатын да осылар емес пе еді... Небір орақ ауыз, мінезі қиғаш хан-сұлтандарымыз, батырларымыз көп жағдайда осы билеріміздің аузына телмендеп, уәжін құп алмаушы ма еді...

8. БИ — ОЙШЫЛ, ҒАЛЫМ. Биді ауыл арасындағы немесе ел мен ел арасындағы даулы мәселелерді шешіп, қоғамдық өмірге ат салысады деумен шектелсек, әлі де оның қадыр-қасиетіне үстірт тоқталған болар едік. Ол халық тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жете меңгерумен бірге, заңғар-заңғар ой түйе білген философ, ғылымның әр саласынан жақсы хабардар, білімпаз жан-дар еді. Халықтар шежіресін, діни ілім-білімді зерделеумен қатар, күн, ай, жұлдыз, жер, су, тау, көк аспан мен жеті қат жердің асты-үстінде қыбырлаған қоңыздан бастап, барша аң, құстың, жан-жануарлардың сан ал-

уан тірліктерін, қасиеттерін жете білген. Сонар-сонар пікір айтар жерде соларды салыстырмалы түрде мысалға келтіріп, сом-сом ой түйіп, өлмес қағидаға бергісіз қанатты сөздер қалдырған. Тек өткенді немесе көз алдарындағы көргенді ғана пайымдап, ой түйіп қоймай, болашаққа көріпкелдікпен болжау жасау да көбіне осы көсем билердің еншісіне тиген десек, асыра дәріптегендік деп бізді ешкім сөге қоймас. Мысал ма? Мысал тіпті көп. Дегенмен, солардың ішінде ең бір көнесі, яғни осыдан екі мың жылдай бұрын айтылды деп жүрген Майқы бабаның мына сөзі жеткілікті шығар:

*Әлі заман өзгерер,
Өзгергенін көз көрер,
Мінгенің арба болар,
Бар құс қарға болар.
Жансыз арба ат болар,
Өз балаң өзіңе жат болар,
Темірден құс болады,
Ұртағыңның көргені сүс болады.
Адам басы ауырып, дақ шатылар,
Базарында сұйылып, сүт сатылар.
Еркек билік тұл болар,
Сыыр пұл болар.
Еркек жасып — и болар,
Қатын тұлданып — би болар.
Төсекке есеппен жатарсың,
Жыныс зарпын ақшаға сатарсың.
Иекке тиер қызыл аз болар,
Адам шаштан айрылып — таз болар.
Он бесте аузыңды аршырсың,
Тумысыңнан тамаққа таршырсың,
Сары судан ас болар,
Балаң өзіңе қас болар.
Жұрт пақыр болар,
Жер тақыр болар,
Осындай қилы заман болар...*

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би», — деп халық бекер айтпаса керек. Оның бұл сөзін кемеңгерлік, көрегендік демегенде, не дейміз...

Тарихтың кейбір тұстарында бидің шығуын осы Майқының кезімен байланыстырады. Бірақ, біздің ойымызша, би хан деген сөзден де бұрын ұшырасатын болғандықтан, оның түп төркіні сонау ру басы, тайпа басы деген сөздердің тарихымен тұстас жатқан секілді.

9. БИ — ПСИХОЛОГ, ЭРТИС. Би — адам жан дүниесін, мінез-құлқын бірер көргеннен-ақ тап баса алатын, өте қағылез, әдепті (этик), психолог болуы шарт. Сонымен бірге, әділет сөзінің өзін қарсы пікір таластырушының арына, намысына тиіп өршілендіріп немесе, ше-

шендік, ақындық айтыстарда ұшыраса беретіндей, қарсыластың жеті атасының бірінде кезіккен кемшілікті не қара басының жеті мүшесіндегі бір кемтарлықты кекетіп, мошқап, мұқатып, шамдандырып алмай, байыпты сөйлегенде ғана диттегеніне жетеді.

«Тура биде туған жоқ, туған биде иман жоқ»,— дейді халық. Алтынға айырбастағысыз асыл да ақиқат сөз. Жақыным едің деп жалтақтамай, жатым едің деп ту сыртын бермей, тура сөйлеген биді ғана халық пір тұтқан. Бірақ сол әділет сөздің өзін кімге, қалай жеткізуді игермеген биді әлі жетілмеген, сыңар қанат құс санатына қосқан. Сондықтан да, көсем билер қарсыласының жан дүниесіне үңілумен бірге, оның әрбір қимыл-қозғалысын, үн бояуын қалт жібермей, қадағалай білген. Соған орай өзі де үн бояуын құбылтып, дауыс ырғағын бірде желдіртіп, бірде төкпектетіп, енді бірде ақ жауындай себелетіп сөйлеумен бірге, әр сөзінің мән-мағынасын ашатындай ғып, қимыл-қозғалысын, бет-пішімін, қас-қабағын «ойната» білген тамаша әртістік қабілет иелері. Сол арқылы жүректен шығып, жүрекке жетіп отыруын көздеген. Әр оғаш қимыл, дауыстағы сенімсіздік, бейсауат әрбір іркіліс — орашалақ ойдың көрінісі деп түйген.

10. БИ — ТӘРБИЕШІ. «Бай болар бала айырбасшыл, би болар бола ағайыншыл», «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дейді, өспес елдің баласы он бесінде жаспын дейді» секілді толып жатқан мақал-мәтелдердің әу бастағы иелері, мүмкін, билер шығар? Қалай болғанда да, би атанып, халыққа танылғандар: «Өзім болдым, өзім толдым, кейінгілер өздері білсін»,— деп келте ойлап, кем пішпегендер. Өйткені олар — хал-қадырынша жоқ-жітіктің, әлдіден әділетсіздік көрген әлсіздердің жоғын жоқтап, елдің кешегісі мен бүгінгісін ойлап, болашақ мүддесін көздеген жандар. Таудың аласармауын, бұлақтың сарқылмауын мұрат тұтқан әр би өзінен кейінгі ұрпақтың да ел ұйтқысы, ел қамқоршысы болып жетілуін қаперлерінен шығармаған. Мүмкіндігінше өз балаларының бірін, болмаса ат аяғы жетер жердегі көкірегінде сәулесі, көзінде оты бар жастарды қыраншалар қия биіктен танып, тәрбиелеп, баулып баққан. Болашақта соларға ұқсап, ел мүддесін көздесем-ау деген талапты жастар ондай дуалы ауыз билерді өздері іздеп барып бата алған. «Баталы ер арымас» деген де содан қалса керек. Үміт етіп, сенім артқан ондай жастарға батасын берумен бірге, өмір бойы өздерінің жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құядан

жалықпаған, сара саналы, дана ойлы тәрбиеші, ұстаз билердің есімі халық жадында мәңгі сақталып қалуда.

Батыр, шешен, би Сырым өзінің өнерімен ел ішінде тым ерте танылады. Ол он бес жасында елге сыйлы Бөкен биден бата алуға барады. Сырымның алғырлығына, ұғымдылығына риза болған би батасын береді.

*Арқаң қара нардай жауыр болсын,
Мінезің қара жердей ауыр болсын.
Өкпең жоқ, кеудеңде бауыр болсын,
Құлағыңнан сыбыр кетпесін!—*

деп батасын бергеннен кейін, Сырымның бұл сөзді қаншалықты зерделегенін білгісі келіп, осы жұмбақ батаның мән-мағынасын сұрайды. Сонда Сырым:

— Арқаң қара нардай жауыр болсын дегеніңіз — халық үшін жұмыс жаса, халықты өзіңе ерте біл дегеніңіз. Мінезің қара жердей ауыр болсын дегеніңіз — беріден ойлама, әріден ойла, салмақты бол, жеңіл болма дегеніңіз. Өкпең жоқ, бауыр болсын дегеніңіз — инені жіпке тізіп, не болса, соған өкпелеме дегеніңіз. Құлағыңнан сыбыр кетпесін дегеніңіз — ел арасында дау-жанжал көп кездеседі, сол мәселені өзің шешіп, ақ-қарасын айырып, дұрыс төрелік бере біл дегеніңіз,— дейді.

Бөкен би Сырымның ақылдылығына шын риза болады...

Сонымен, қазақ жұртының халық болып, біртұтас елге айналуында, дамып, өркендеуінде айтулы хан-сұлтандарымыз, батырларымызбен бірге, көсем билеріміздің де айрықша үлес қосқанын айту еркіндігіне егеменді елдікке қолымыздың жетуі арқасында ғана мүмкіндік туып отыр. Алдағы уақытта ақылгөй билеріміз хақында қаламгерлеріміз, ғалымдарымыз, тарихшыларымыз бен көпті көрген қарияларымыз сөзжария, журнал беттерінде ғана емес, арнаулы еңбектер, кітаптар жазарына сенімдіміз.

Ал біздің билер турасындағы бүгінгі жалпы шолу пікіріміз болашақта жазылар соны туындыларға өйтүрткі болып, қанат бітірсе, біз де көздеген, дйттеген мүддеміздің біріне жеттік деп ойлар едік...

* * *

Соңғы бір айта кететін мәселе: бүгінгі таңда нарықпен бірге парықсыздық өріс алып, әсіресе жастар арасында қылмыс, бұзақылық күннен күнге, етек жая тү-

суде. Ондайлардың бірқатары түлкі бұлтақтармен заң алдында жауап беруден құтылып, ал тұтылғандары топырлатылып апарылып түрмеге тығылуда. Әрине, біз де қылмыскердің тиісті жауабын беріп, жазасын тартуына титтей де қарсы емеспіз. Алайда бұл қылмысты тоқтатудың бірден-бір жолы емес...

Біз қабат-қабат түрме салмаған, шыңырау зындан қазбаған халықпыз. Бұл, шындап қарасақ, әлемге әйгілеуге тұрарлық қоғамдық құбылыс. Ендеше, бүгінгідей қит еткенді түрмеге апарып тығу — тәйтіктерді тәртіпке шақырады дегенге келісу қиын. Өйткені бірнеше жыл түрмеде отырып шыққандардың түзеліп емес, қайта бұрынғысынан бетер, бойындағы жылт еткен игі қасиеттерінен жұрдай боп, күзеліп шығатынын бәріміз де көріп жүрміз.

Олай болса, ауылдық жерлерде, аудан орталықтарында көнекөз, ауыл-аймаққа сөзі өтер қарт ардагерлерімізден неге Билер сотын ұйымдастырмасқа!.. Қалай болғанда да, сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарған билердің рөлін қайта жаңғыртпаның өзінде, олардың тарихи тұлғалары жайында толымды еңбектер жазылуға, келер ұрпаққа үлгі болар істері кеңінен сөз болуға тиіс деп ойлаймыз...

ҚҰПИЯ ЖАРЛЫҚ

Қылша мойнымызға үш ғасырға жуық бұғау боп түскен бодандық заманнан да құтылған соңғы жылдар, құдайға шүкір, «ақ түйенің қарны жарылған» ұланқайыр ұлағатқа толы боп келеді.

Егеменді ел атанған осы жылдарымыздың ең басты қуанышы — Алланы ауызға алып, аруақтарға бас ие бастағанымыз. Елдігімізді, халықтығымызды сақтап қалу жолында қанын қиып, жанын құрбан етіп, қу толағай жастанып өткен Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Исатай, Сырым, Есет секілді бабаларымыздың аруағына тәу етіп, бүкіл жұртымыз дүбірлете тойлап, ас берілуі де — соның басты айғағы. Халқым деп, Елім деп, Туған жерім деп еңірегенде етегі толып, түн қатып, түс қашып, ата жаумен кидаласқан, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен далиған даламызды қорғаған бұл батыр бабалардың кеменгерлігі мен келелі істері жайында ақжарма ақиқат енді жазыла бастады. Иншал-

ла, әлі талай ғылыми еңбектер, соны зерттеулер, көлемді де көркем дүниелер жазылады да. Өйткені: «Хан дегенің — халықты қанаушы ғана, би дегенің — әділетсіздікті жақтаушы, батыр дегенің — бар болғаны барымташы ғана»,— деп насихаттап, жанарымызды тұмандатып, санамызды сан жылдар бойы улап, екі елі аузымызға төрт елі қақпақ қойып, аяқ-қолымызды еріксіз кісендеген шақ енді келмеске кетті. Ендеше, аруақты бабалар туралы жазу және тек қана «Қасым салған қасқа жолдан» сыңар табан таймай, ақиқатты ғана жазу — бүгінгі және келер ұрпақтың қасиетті де киелі парызы. Бүгінгі жазылып жатқан дүниелер — сол келешектегі жазылуға тиіс қат-қат шежіренің, тарихтың әліппесі. Ал әліппеден бастап тая басып, жаңылыс жазуға ешкімнің құқысы жоқ.

Осы бір ежелден етене, таныс жайды шұқшия жазуымыздың да өз мәнісі бар. Ол — болашақ ұрпаққа шежіремізді егжей-тегжейлі жазып қалдырады деп жүрген бүгінгі тарихшыларымыз бен әдебиетшілеріміздің кейбірінің ә дегеннен-ақ жаңылыс басып қана қоймай, бұра тартуы. Сондай тепіршекке ұшырап, өз несібесінен кенже қала бастаған тарихи тұлғаның бірі — Әбілқайыр. Ол туралы жазылған тарихи деректемелер тым аз. Егер қайшылыққа толы болмаса, сол аздың өзін азырқанбай, місе тұта тұрар едік. Алайда оны кейбір қаламгерлеріміз «сатқын», «қара басының ғана қамын күйттеген опасыз» деп, ашық шабуылға көшкені, аруақты аяқ асты етулері бізді ойландырады... Шынында Әбілқайыр кім еді?

Жақында бір белгілі қаламгер «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған тарихи мақаласын: «Біреуді ақтау үшін біреуді даттамалық»,— деп бастапты. Кім-кімнің де: «Шіркін-ай, менің-ақ ауызымнан шығатын сөз екен»,— дейтіндей ұлағатты ой емес пе? Алайда сөйткен қаламгер өзге тарихи тұлғаларда сомдау барысында Әбілқайырды жерден алып, жерге салып, сұмпайы етіп көрсетіпті. Ал түсініп көр!.. Шежіреден, тарихтан аз-маз хабары барлар, әрине, оның сөзіне құлап түсе қоймас. Ал өмір, тарих парақтарын енді ашқан бүгінгі ұрпаққа белгілі қаламгер ұсынған «ұлағат» әлгідей болса, қайтіп қынжылмасың!..

Өкінішке орай, тұтас бір ұлысқа отыз жыл хан болған, қазақ жұртының сайын даласын ата дұшпаннан азат ету үшін бар ғұмыры ат үстінде өтіп, ажалын да ақ төсек үстінде емес, ат үстінде қарсы алған Әбілқайыр батыр жөнінде соңғы кезде баспасөз бетінде осын-

дай ауық-ауық алып қашпа ұшқары пікірлер жазылып қалып жүр.

Тілге тиек болған тағы бір мақалаға көз жібере отырып, әңгімемізді жалғастыралық: «1731 жылы Әбілқайыр хан батыс Қазақстан қазақтарын еріксіз сырттан билеп, «біз сіздің құлыңыз боламыз» деп Россия патшалығына арыз түсірді»,— деп жазады Ж. Рсымбетов 1991 жылғы «Жібек жолы» журналының екі санына жарияланған «Тәуке хан һәм билер кеңесі» деген мақаласында. Осы бір ғана сөйлемнің ішінде тарихи жылнаманың бұрмалануымен бірге, Әбілқайырға көрінеу күйе жағушылықты байқау аса қиынға соға қоймас.

Біріншіден, қазақ — «жаным-арымның садағасы» деп, арын ақ ту етіп көтеріп келе жатқан халық. Басқасына көнсе де, құлдыққа бас имейтіндігі — баға жетпес киелі қасиеті. Ал автордың, «подданство» дегеннің «бодан» деген сөз екенін біле тұра, «Әбілқайыр құл болуға әзірмін деді» деуі — өткенге ғана қиянат жасау емес, бүгінгі және келер ұрпақ алдындағы жауапсыздық.

Екіншіден, тарихи деректерге жүгінсек, Ресей халқымен одақтасу, достық қарым-қатынаста болуды алғаш 1686 жылы Ұлы ханымыз Тәуке бастап, Әбілқайырға дейін де талай хан, сұлтандар орыс жұртына елші жібергені баршамызға мәлім.

Үшіншіден, сол кезде хан атаулы өз білдігімен бар мәселені шешті деу — ұшқары пікір. Өйткені ханның өзін Билер кеңесі сайлап, керекті жерінде әмір де жүргізіп отырған.

Ендеше, Ж. Рсымбетов айтқандай, 1731 жылы емес, 1730 жылы Ресей патшалығына бодан болу жөніндегі жіберген Әбілқайырдың хатында жиырма төрт би мен сұлтанның (оның он екісі Орта жүздің, он екісі Кіші жүздің) қолы тұр.

«Халық қаһарланса, хан тағынан таяды» деген бар. Ал тұтас бір ұлыс өзіне отыз жыл бойы хан сайлап, тағынан түсірмеген Әбілқайыр, соған қарағанда, халық ыңғайымен санаса білгенге ұқсайды.

Сонау алпысыншы жылдардың аяқ шамасында журналист болып, апта сайын жолсапарға шығып жүрген кезімізде Әбілқайыр жөнінде көп естіген, көп білетін көнекөз қарияларды аз кездестірмейтінбіз. Бірқатарлары: «Әбілқайырмен арғы аталарымыз бірге жүрген»,— десе, бірқатары: «Рулас, аталас едік»,— деп отыратын. Сонда олар: «Әбілқайыр өзі ешкімді жазаламаған, жаумен беттескенде қандай қатыгездіктен де тайынбайтын; ал әлдеқалай күнәһар болғандарды Билер кеңесінің

талқысына берген әрі өзі жазалау орнында болмайды екен; керемет қылышкер, садақпен құралайды көзінен атқан сұрмерген, өжет, батыр, аты мен ерлігі тым ерте танылған адам»,— деп, бірінің сөзін екіншісі қайталайтын. «Түрікмендермен шайқаста қылышты, Еділ қалмақтарымен ұрыста садақты, башқұрттармен салғыласқанда орама мылтықты одан артық пайдаланған ешкім болмапты»,— деп тамсана айтып, сонын небір аңыздарға айналдыратын.

Әрине, біз бұл мақалада аңызға емес, тек қана тарихқа тәжім етуді мақұл көрдік. Талдап, тарамдап, жіліктеп, мүшелеп тастайтын тарихшы болмасақ та, ойымызды оқырмандар алдына тарту — парызымыз деп санадық.

Сонымен, 1718 жылы әулие ханымыз Тәуке дүниеден озысымен арамызға ала мысық жүгіріп, іргемізден су кетіп, аз қазақ тағы да үш жүзге бөлініп, ыдырап жүре беріппіз. Билер кеңесі алдында Кіші жүзге хан сайлау міндеті тұрады. Көпшіліктің де, билердің де көзі Әбілқайырға түседі. Бұрын хандық мұрагерлік жолмен сайланып келген еді. Ал Әбілқайырдың аталарының жеткен мансап биігі — сұлтандық қана. Сол кезде кейбір хандардың Әбілқайырды қарадан шықты деп, кейде алақоздене қарағаны сондықтан болуы керек. Алайда сол кезде билердің көңілі де, көзі де өзі батыр, жасы жиырма беске енді толған Әбілқайырға арбалады. Сөйтіп, Әбілқайыр 1718 жылы тамыз айында хан атанады. Түрікмендермен, Еділ қалмақтарымен, башқұрттармен, хиуалықтармен ұдайы қақтығыста ерлігімен де, ұрыс үстінде қол бастағандығы айлакерлігімен де суырыла танылған Әбілқайыр, андап қарасақ, бұдан кейін таққа емес, біржолата атқа мініпті.

Рас, Әбілқайырдың үш жүздің, яғни қазақ жұртының Ұлы ханы болуды мақсат еткенін ешкім жоққа шығармайды. Ал 1726 жылы бүкіл қазақ әскерінің қолбасшысы боп, 1729 жылы Анырақай шайқасындағы жоңғарларға қарсы алғашқы тамаша жеңістен кейін ұрыс даласынан кетуін, бірқатар қаламгерлер айтқандай, бір ғана таққұмарлық десек, сөзсіз жаза басқанымыз.

Әбілқайырды соңғы кезде енді бір әдебиетшілер «Қазақ жұртының орысқа бодан болып қалуының бірден-бір себепшісі және кешірілмес күнәһары еді» дегенге иландырғысы келеді. Шындығында солай ма? Бұл сұраққа жауап берместен бұрын, алдағы әңгімемізде жиі кездесетіндіктен, «бодан» деген сөздің мағынасына қыс-

қаша тоқталып кетпеске болмайды. Сонымен, «бодан» деген сөз қайдан шыққан?

Ежелгі Күлтегін, Тоғыз-оғыз халқының жазуларында «бод», «бодды» деген сөздер ұшырасады екен. «Бод» әуелде ежелгі түріктерше «ру», «тайпа» дегенді білдірген. Кейін «бодқа» «ун» көптік жалғауы жалғанып, «туыстас», «рулас» деген мағынаны береді де, бізге «бодан» деген сөз боп жетеді. Сонда әу баста-ақ «бодан» рулас, көзқарасы, тілек-мұраты бір, туыс халық дегенді меңзейді екен.

Ал орыстарда «бодан» сөзін «подданство» деп баламалап жүр. Бұл бір елдің тәуелді азаматы дегенді білдіреді. Тағы бір шұқшия қарасақ, «бод» пен «под» сөзінің түбірлік ұқсастығын көру қиын емес. Сонда славян халқы мен түрік тектес халықтардың қайсысында осы сөз бұрын пайда болды екен деген сауал көмейге кептеледі. Әрине, бұл біз үшін әзірге «Тауық бұрын жаралды ма, жұмыртқа бұрын жаралды ма?» секілді сауал күйінде қалып отыр. Ақиқаты — осы сөздердің түбірлестігі және әу баста «қандас», «туыстас» халық дегенді білдіретіндігі. Ал бертін келе «подданствоның» да, «боданның» да саяси мағынасы өзгеріп, «тәуелділік», «бағыныштылық» дегенге айналған. Сонда Әбілқайыр да, басқа хандарымыз да «бодан» болу дегеннің мағынасын түсінбей, көзжұмбайлық жасады десек, қателескендігіміз ғана емес, қатігездік те жасағанымыз. Бұл жөнінде кейін толығырақ түсінік беретін болғандықтан, осымен шектеле тұрайық.

Енді жоғарыда айтқан «қазақ жұртының Ресей еліне үш жүз жыл тәуелді болып қалуына бір ғана Әбілқайыр кінәлі ме?» деген сауалға оралайық. Ол үшін әуелі тағы да тарих беттеріне зер салалық.

Қазақ КСР-ы тарихының «Қазақстан мен Россияның XVII және XVIII ғасырдың басындағы өзара қатысы» деген тарауында қазақ жұртының Ұлы ханы, халқының бірлігі мен ынтымағын орнатуда теңдесі жоқ Тәуке хан 1696-жылы қазан айында Ресей патшасы I-Петрге Т. Қ. Аталықовты елші ретінде жіберіп: «Одақтас ел болалық, өзара қатынасып, сауданы нығайтайық», — деген ұсынысты қайталағаны айтылады. Әріден ойлаған кемеңгер ханның бұл тілек-ниетінде қазақ жұртының келешегін көздегендік бар еді. Әттең, орыс жұрты қайрылмады.

Бұл кезде Әбілқайыр бар болғаны үш-ақ жаста еді.

Ал, шындығында, біздің Ресейге жалтақтай бастағанымыз бұдан тура бір ғасыр бұрын еді. 1588 жылы Тәуекел хан Мәскеуге өзінің жақын туысканы Ораз Мұхаммед сұлтан бастаған елші жіберген еді. Ораз Мұхаммед Мәскеуде екі жыл болып, орыстың от қаруын, яғни зеңбірегін алуды көздеп, бірақ ол мақсатына жете алмады.

1595 жылы Тәуекел хан Мәскеуге екінші қайыра елші жіберді. Ол: «Қазақтар орыс патшасының билігін мойындауға тілек білдіреді»,— деп хабарлады. Алайда Ресей патшалығы орыстардың сол кездегі мықты қарсыластары болып саналған Көшім хандығымен де, Бұхарамен де қазақтардың соғысып отыруын талап етті. Бұл қазақ халқы үшін өте ауыр талап еді. Қазақ жұрты бұл талапты орындай алмауына байланысты Ресеймен бұдан кейін бір ғасырға жуық байланысты үзді. Соның өзінде орыс патшасы біртіндеп, күшпен қазақ жеріне ене бастады. Мысалы, 1620 жылы қазіргі Орал қаласының, іле-шала Гурьев әскери бекінісін салып алды.

Осындай тарихи жағдайларды ескерместен, кейбір «тарихшылардың»: «Кіші жүз жерлеріне әскери бекіністерді салғызған Әбілқайыр»,— деп құстаналайтыны қай шындыққа келмекші? Әлде Әбілқайырдың 1693 жылы ғана дүниеге келгенін тарих бетінен бір қайыра қарауға еріне ме? Әлде сонау Ертіс бойынан 1716—20 жылдары бекіністер салдырған Әбілқайыр деп есептей ме? Өзі хан тағына енді отырып жатқан Әбілқайырдың Орта жүз хандығына ешбір құзыры жүрмейтінін әдейі ескергіміз келмейтіні қалай?

Енді Тәуке ханның осы кездегі Ресей патшалығына деген көзқарасына қайтып оралалық. Ағылшын тарихшысы Марта Брилл Әбілқайыр жөнінде жазған дерекнамасында былай дейді: «Осы тұста қазақтар қайтадан Ресей жаққа көп көңіл бөле бастады. Өйткені Тәуке хан өз халқының жоңғар қалмақтарына қарсы соғыста одан басқа дұрыс одақтас таба алмайтынын түсінді. 1680—1693 ж. арасында ол Сібірдегі орыс әкімдеріне алты рет арнайы тапсырмамен адамдар жіберді. Сондағы мақсаты өз халқына қорғаныш табу еді (1994 жыл, 9 қыркүйек. «Аруана» газетінен): Бұдан әрі Марта Брилл 1720 жылдардың өзінде-ақ қазақтар Жайық, Жем өзендерінің бойында көшіп-қону, мал жаю үшін орыстардан рұқсат сұрауы керек болғанын жазады.

Міне, көріп отырғанымыздай, 1730 жылы Әбілқайыр Ресейге «боданың болайық» деген өтініш жіберместен

бұрын-ақ қазақ жеріне орыстардың ендеп кіріп алып, үстемдік жүргізгенін байқаймыз. Олай болса, қазақ даласына орыстардың үстемдік етуін біржолата Әбілқайырдан көруіміздің себебін тек қана тарихты бұрмалаушылық, әдейі күйе жағушылық демегенде, не дейміз?..

Жоңғарлардың қазақ жеріне жорығы 1540 жылы басталып, тура екі ғасырдан астам уақытқа созылды. Оған 17 ғасырдың аяғында қазақ даласына дүрсе қоя берген ойраттардың жорығын қосыңыз. Бұл қазақ даласына төніп келе жатқан қара бұлттың алғашқы ғана легі еді. Осыдан бастап-ақ ата жұртымызға кімдер көз сүзбеді, кімдердің аузының суы құрып, ындыны кеппеді десеңізші... Айрықша бір айта кететін жай, Әбілқайыр дүниеге келгенге дейін де қазақтар Ресей патшалығына одақ ел болу ұсынысын бес рет жазған екен (1686—1693 ж. ж.). Тәуке ханның Ресей еліне елші жіберуі осы және алда келе жатқан қауіптің алдын алу жолындағы көрегендік болжамы болатын. Кейін өзінің әйгілі «Жеті жарғысының» үшінші бабында көршілес Бұхара, Ресей елдерімен қалай да қарым-қатынасты жақсартып, одақ ел болып алуды айрықша атап көрсетті. 1716 жылы әуелі Тәуке хан, сосын Қайып хан Ресей еліне тағы да елші жіберіп, өзара байланысты нығайта түсіп, одақтас болуды және қажет жағдайда бір-біріне әскери көмек беруді өтінді.

Бұл кезде Әбілқайыр әлі хан болған жоқ еді.

Ресей патшалары қазақ хандарының бұл өтініштерін аяқ асты қалдырумен болды. Оларға керегі өздерімен терезесі тең одақ емес, бодан ел болатын. Сөйтіп, қазақ елінің сырт жауларымен, қала берді, бірнеше хандыққа бөлініп, өзара қырқысып, әбден әлсіреуін күтті. Егер Тәуке ханның тілегі орындалып, орыс әскері көмекке келсе, қазақ жұртшылығы 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қайғысына ұшырамаған болар еді ғой.

Тап осындай тілек-өтінішті орыс еліне Әбілқайыр алғаш рет 1726 жылы Қ. Көбеков арқылы жіберді. Бірақ құдай тағы тілекті бермеді. Өтініш аяқсыз қалды. Тап осы жылы Әбілқайыр бүкіл қазақ әскерінің қолбасшысы атанып, 1729 жылы атақты Аңырақай даласындағы шайқаста тамаша жеңіске жеткеннен кейін, ұрыс алаңын тастап кетіп қалды. Неге? Бұған себеп оның Ұлы хан болмадым деп өкпелеуі ғана ма еді? Әрине, бұл да бір себеп екені дау туғызбайды. Бірақ, біздіңше, сан себептің бірі ғана. Әбілқайырды өз қоластындағы елдің

жағдайы қатты аландатуда еді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін тағы да тарих алдына жүгінейік.

Бұл кезде Ресей патшалығына бодан болып кіріп алған Еділ қалмақтары мен башқұрттар қазақтардың жонғарлармен арпалысып жатқандығын пайдаланып әрі іргелі орыс еліне арқаланып, Қазақстанның батыс аймағына, яғни Әбілқайыр хандық еткен жұртқа қанды тырнағын батырып, әлсін-әлсін өршелене ұмтылған шағы еді. Бұған Маңқыстау үшін түрікмендер мен қазақтардың үш жүз жылға созылған ежелгі қақтығысын тағы қосыңыз. Егер Батыс Қазақстан облысының оңтүстік аудандарын араласаңыз, екі төбенің бірі қалмақ батырларының, бектерінің атымен аталып, Маңқыстау төңірегіне ат ізін салсаңыз, екі зираттың бірі түрікмен жауынгерлерінікі екенін көресіз. Бұл — батыс аймақтың да ата қоныс үшін арпалыспен өткенін бұлтартпай дәлелдейтін тарих беттері. Мұны аз десеңіз, қазақ даласына Хиуа, Бұхар хандықтарының үздіксіз жасаған барымталарын еске алайық. «Қашан қазақ жұрты әлсіреп, қашан талмамай жұтар екенбіз», — деп өміменін үзіп, көзін сүзіп Иран шахы Нәдірдің отырғанын неге ұмытамыз?

Бұдан да қауіптісі және тау селіндей сойқаны «арта әзірленіп жатқан. Бұл кезде орыс патшалығы қазақ даласының батысынан бастап, шығысына дейінгі аралыққа өзінің әскери бекіністерін салып үлгерген еді. Енді олардың «берсең — қолыңнан, бермесен — жолыңнан» деуі қалып тұрған. Жан-жақтан қамалаған жаумен жағаласып, қанжоса боп жатқан қазақ даласына қарай жалдамалы казак-орыстарға: «Ал бастандар!» — десе, не болар еді?! Ресей әскерінің оқ боранын тұрғызған мылтығы мен күндей күркіреген зеңбірегіне қарсы қазақ әлгіндей жағдайда қайтіп қарсы тұра алмақшы? Қай жыртығын жамап, қай тесігін бүтіндеп үлгерер еді?.. Тағы бір «ақтабан шұбырынды» кезіне тап болмасына кім кепіл?!

Тағы бір тарихи деректемеге тоқтала кетейік.

Ресей императоры І-Петрдің алға қойған ең басты мақсаты орыс халқының санын көбейтіп, территориясын кеңейту болғанын бүгінде Ресей баспасөз тілшілері де, тарихшылары да үлкен мақтанышпен айтып жүр. Осы бағытта орыс халқы бүгінде Ұлы патшамыз деп санайтын І-Петр айтулы жорықтарға шыққаны баршамызға мәлім. Және осы жолда ештеденен тартынбады. Керек десеңіз, алға қойған мақсатына қарсы болған күнде орыс жұртының өзін аямады.